



# КАЗАК



# ӘДЕБИЕТІ

1934 жылғы

№ 1

## ЖӨНІ БӨЛЕК, ЖОСЫҒЫ ЕРЕК...

Біз бұларды «тетелес тәтелер» дейміз. Себебі біздің жылы жақта ағаны «тәте» дейді. Тетелес тәтелеріміз сексеннің сеңгіріне шығып жатыр. Бексұлтан Нұржеке-ұлы, Кәдірбек Сегізбай, Төлен Әбдікұлы, Мұхтар



Дулат Исабеков туралы талай да талай жазыңқырағанбыз. «Дулат және оның құрдастары», «Дермененің дәні», «Аға-досқа арзу хат», тағысынтағылар дегендей. Дулаттың және оның құрдастарының қайран қазақ әдебиетіндегі орындары өзгеше екені аян-дүр. Әулие жанрыңыз – әңгімедегі үлестері үздік. Хикаят жанрындағы еңбектері ерекше. Романдары ерен. Көсемсөздері кемел. Тіпті тәтелеріміздің ауызша анекдоттары мен жазбаша әзілдеріне дейін басқаша. Бөтенше де төтенше ғой, шіркін!

Міне, аға-досымыз, жаһанның жартысын жаулап алған жауһар жазушыңыз, дүниенің дара елдерін баурап алан дарабоз драматургіңіз – Дулат Исабеков сексен жаста! Қырық екінші жылғы алтынсары күзде, айналайын Арыстың бойында туған ғой.

Тәтелеріміздің, олардың ішінде аға-досымыз Дүкеңнің тағдыры тіпті де оңай болмаған. Сұрапыл соғыс жүріп жатқан. «Бала шетінеді. Ертең жерлейміз» деген жерінен жымыып күлетін өзгешелігінің арқасында аман қалғанын оқырмандары жақсы біледі. Сол «кісі өлтіретін күлкісімен» қазақ әдебиетінің классигі, дара драматург атанды Аға-досымыз. Сексеніңізбен тетелес інілеріңіз құттықтайды. Алаштың ардақтысы, мемлекет мақтанышы деп бағалайды Сізді, Аға-дос!

Кенен атаңыз:  
«Жасым келді сексенге...  
Екі Кенен тумайды –  
Алатауға ексең де», – деген ғой.

«Дүкең келді сексенге,  
Екі Дулат тумайды –  
Алатауға ексең де,  
Қаратауға сепсең де,  
Арысқа «көң» төксең де...» – дейміз біз.

**Мархабат БАЙҒҰТ,  
жазушы**